



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

– Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин режимі тағы екі аптаға созылып, шілденің соңына дейін жалғасады. Ертең Үкіметтік комиссия шешім қабылдайды. Азаматтарымыз денсаулығын сақтау үшін карантиннің негізгі талабы өзін-өзі оқшаулау шарасын қатаң ұстануы қажет.

Қазір жағдайдың реттеле бастағанының алғашқы нышандары байқалады. Ахуалды толық тұрақтандыру үшін алдағы екі аптаның маңызы зор. Мұқтаж жандарға Үкімет шілде айына 42,5 мың теңге төлейді.

(13.07.2020 жыл, Twitter)

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№82 (4051) | Сейсенбі | 14 шілде 2020 жыл

## AQSHAMY

### ЕЛБАСЫ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде Қазақстан бұрын-соңды болмаған күрделі ахуалмен бетпебет келіп отыр. Қауіпті індет біздің қалаларымыз бен ауылдарымызға тарап, өкінішке қарай, адам шығыны орын алып жатыр.

Мемлекет басшысының шешімімен 13 шілде коронавирус індетінен қайтыс болған азаматтарды еске алу – Ұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

Алапат дерт біздің адамдарымыздың өмірін қиып

әкетуде. Бұл бәріміздің қабырғамызды қайыстырып отыр. Әрбір кісі өлімінің артында қара жамылған біраз адамның – әкелер мен аналардың, қыздарымыз бен ұлдарымыздың, дос-жарандарымыздың қайғы-қасіреті тұр.

Мезгілсіз қаза болғандардың туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Біз береке-бірлік пен тұтастықтың арқасында талай сынақтан сүрінбей өттік. Бұл қиындықты да ел болып еңсереміз деп сенемін.

### ДӘРІГЕРЛЕР – ЕҢБЕК ЕРІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі мен қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен жанқиярлығы үшін Ақтөбе облысы «Облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК бас дәрігері Қалихан Қозбағаров пен Ақмола облысының Ден-

саулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау қалалық көпбейінді ауруханасы» МКК бөлімше меңгерушісі Олег Исаевқа еліміздегі жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Марқұмдардың отбасына айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені табыс етілді.



## ҚҰРБАНДАРҒА – ТАҒЗЫМ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 12:00-де республика бойынша COVID-19 құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алу жарияланды.

Жалпыұлттық аза тұту күніне орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен еліміздің өзге де лауазымды тұлғалары індеттен қаза болған азаматтарды құрметпен еске алды. Еске алу рәсіміне ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин, ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин, Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент Әкімшілігінің басшысы Ерлан Қошанов, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз бүгін індеттен қаза болған отандастарымызды еске алып, тағзым етеміз. Қайтыс болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын. Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында бұл сынақты тезірек еңсереміз деген сенімдемін» деп жазды твиттердегі парақшасында. Сондай-ақ Президент Үкімет пен әкімдер осы қиыншылықтардан шығу үшін шұғыл шаралар қабылдауға кіріскенін жеткізді. Ол дәрігерлердің, полиция қызметкерлерінің, еріктілердің жанкешті жұмысына ризашылық білдірді.





» Елордада құрылыс қалдықтарын жинайтын және өңдейтін алаңның құрылысы басталды. Бұл жерде кірпіш, асфальт, бетон қалдықтарын өңдейтін ұсақтау кешенін тұрғызу қарастырылып отыр.

## ҚОҚЫСТЫ ЖИНАЙДЫ ӘРІ ӨҢДЕЙДІ

– Елорданың шеткері аймақтарына құрылыс қоқысы заңсыз шығарылып жатыр. Бұл экологияның нашарлауына және қоқыс тастауға рұқсат етілмеген орындар санының артуына ықпал етеді. Осындай фактілерге жол бермеу үшін қалада құрылыс қалдықтарын жинау және өңдеу үшін алаң құрылысы басталды. Сонымен бірге бұл «Северная гряда» карьерін одан әрі қалпына келтіруге мүмкіндік береді, – деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram-дағы парақшасында.

Әкім бұл кешеннің бірнеше маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретінін айтты. «Біріншіден, құрылыс қалдықтарын жинауға арналған орталықтандырылған бір-ақ орын болады. Екіншіден, алаңда кірпіш, асфальт, бетон сияқты құрылыс қалдықтарын өңдеуге арналған ұсақтау кешенін орнату қарастырылған. Бұл шикізаттың бір бөлігін қайта пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қалдықтарды кәдеге жарату процесін жеңілдетеді. Үшіншіден, қайта өңделген құрылыс қалдықтарын карьерді қалпына келтіру үшін де пайдалануға болады» деп түсіндірді мәселенің мәнісін қала басшысы.

Есепті кезең ішінде қазақстандықтар 313,4 млрд теңгені жаңа көлік сатып алуға жұмсаған. Бұл 2019 жылдың 6 айындағы көрсеткіштен 8,1 пайызға артық. Осы жылдың тек маусым айында ғана 83,4 млрд теңгеге 9677 жаңа көлік сатылды.

## КӨЛІК АЛУШЫЛАР КӨБЕЙГЕН

» 2020 жылдың I жартыжылдығында қазақстандықтар 313,4 млрд теңгеге 35 мыңнан аса жаңа жеңіл көлік сатып алды.

«ҚазАвтоӨнеркәсіп» Қазақстанның автомобиль саласы кәсіпорындары одағының мәліметінше, қазақстандықтарға 2020 жылдың 6 айында ресми дилерлер 35086 көлік сатқан. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 13,8 пайызға жоғары.

Есепті кезең ішінде қазақстандықтар 313,4 млрд теңгені жаңа көлік сатып алуға жұмсаған. Бұл 2019 жылдың 6 айындағы көрсеткіштен 8,1 пайызға артық. Осы жылдың тек маусым айында ғана 83,4 млрд теңгеге 9677 жаңа көлік сатылды.



## ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЗІЛДІ

» Нұр-Сұлтанға жүк ұшағымен COVID-19, пневмония және басқа да ауруларды емдеуге қажетті 600 мыңнан астам дәрі-дәрмек қаптамасы жүк ұшағымен жеткізілді.

Дәрі-дәрмектің 350-ге жуық түрі бар. Мәселен, ксарелто, цефтриаксон, клексан, азитромицин, дексаметазон, метилпреднизолон, ибупрофен, нимесулид, кардиомагнил, левофлоксацин, метронидазол, гепарин, нимесулид, ибуфен, парацетамол, офлоксацин және тағы басқалары бар. Сонымен қатар елордаға жақында жүк көліктерімен тағы дәрі-дәрмек жеткізілді. Осы аптадан басталған дәріханаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты түрде жүргізілетін болады. Елорда әкімі Алтай Көлгінов дәріхана желілерінің дистрибьюторларымен, фармацевтикалық компаниялар мен дәріханалардың өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, әкімдік дәрі-дәрмектерді сатып алу мен әкелу рәсімдерін жеңілдету, логистика бойынша қол-



дау көрсетеді. Уақытылы ақпарат алу үшін елорда әкімдігі covid19.astana.kz парақшасын ашты, онда сіз коронавирус инфекциясы туралы ресми мәліметтерді, оның ішінде дәріханаларда дәрі-дәрмектердің бар-жоғын

білуге болады.

Сонымен қатар жақын уақытта елордаға 200 өкпені жасанды желдету құрылғысы, 500 флоуметр, 500 оттегі концентраторы және екі компьютерлік томография жеткізіледі.

## ШЕКТЕУДІ ЕЛЕМЕГЕНДЕРГЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАЛДЫ

» Елордалық полиция мен еріктілер азаматтардың карантин тәртібін сақтауын қадағалау мақсатында қала тұрғындарының көп жүретін демалыс орындарына рейдтер өткізді. Олар демалушыларға маска тағу және санитарлық қашықтық сақтау қажеттігін ескертті.

Еріктілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері демалушыларға қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығын еске салу үшін Орталық саябақ және Ботаникалық бақты аралады. «Рейд барысында жақын топтанып жиналған 50-ден аса жастарға ескерту жасалды. Бұл, өзіңіз білетіндей, санитарлық нормаларға сәйкес келмейді. Өйткені үш адамнан көп жиналуға тыйым салынған. Біз сонымен қатар 300-ден аса келушілерге маска

тағу керегін ескерттік» дейді қалалық штаб еріктілері.

– Қалалық саябақтарда 15-ке жуық заңсыз сауда орындары анықталды. Есіктері жабық болғанына қарамастан, олар 21.00-ден кейін жалғыздақ, жүгері және кәмпітер сатқан. Барлық тәртіп бұзушыларға нұсқамалар берілді, – деп түсіндірді қалалық штаб өкілдері.

Еріктілердің айтуынша, бұл бірінші рейд емес. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады. «Осындай

қиын уақытта біз бір-бірімізді қорғап, маска тағып, қашықтық сақтау керек. Өзіңіз бен айналаңыздағы адамдардың денсаулығына немқұрайды қарауға болмайды. Бұл біздің бірінші рейдіміз емес, біз бұл жұмысты одан әрі жалғастырамыз» дейді волонтер Айсұлу Ерниязова. Еске салайық, Қазақстанда пандемияға байланысты қатаң шектеу шаралары 5 шілдеден бастап 19 шілдеге дейін күшіне енген болатын.

## «БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

» Былтыр елорданың Сарыарқа ауданында «Бюджетке қатысу» қанатқақты жобасы табысты жүзеге асырылды. Өткен жылы осы жоба аясында 14 аула абаттандырылды. Ал биыл осы ауданда жалпы алғанда 40 ауланы абаттандыру жоспарланса, аталмыш жоба шеңберінде 13 аула абаттандырылатын болды. Тиісті жұмыстар қазіргі уақытта басталып, бірқатар ауланы көркейту ісі аяқталды.



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Бұл жобаның ерекшелігі, аудан тұрғындары өз аулаларын көркейту мен дамыту бойынша ұсыныстарын жолдай алады. Осы жылы сондай 13 ұсыныс қабылданды. Аудан әкімдігінің сайтына жарияланған бұл жобаларға халық дауыс берді. Иә, тұрғындар ұсыныстарды жолдаумен қатар, абаттандырылатын аулаларды өздері таңдайды. Әр жобаға бюджеттен 15 млн теңгеге дейін бөлінеді.

Сарыарқа ауданында биыл «Бюджетке қатысу» жобасы аясында көркейтілген ауланың алғашқысы

Абай даңғылы, 8 мекенжайында орналасқан. Осы жылы ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толып отырғанын ескерсек, жобаның ақын көшесінен басталуының мән-маңызы артады. Бұл жобаның бастамашысы – Евгения Шерякова. Үш кезеңнен өткен жоба 1223 қолдаушы дауыс жинады. Жалпы, аталған мекенжайдағы көпәтерлі үйде 1100 тұрғын тұрады. Олар аулаларының көркейгеніне қуанып отыр.

«Бюджетке қатысу» жобасы бойынша 300 тұрғыны бар Ә.Жангелдин көшесі, 3 мекенжайындағы аула да абаттандырылды. Тиісті ұсынысты Жанна Әділбекова мен Әсел Жұмақаева әкімдікке жолдаған. Нәтижесінде бұл жоба 431

дауыс жинады. Мұнда балаларға арналған ойын кешендері орнатылып, автокөліктердің қосымша тұрағына асфальт төселді, тротуар салынды.

Үшінші жоба 300-ден аса адам тұратын К.Байсейітова көшесі, 122 мекенжайында іске асырылды. Елорда тұрғыны Римма Берекетованың ұсынысын 470 адам қолдады. Аулаға шағын сәулеттік қалыптар, «Workout» спорт кешені, қоршау турникеттері орнатылды, рэзекке төсеме төселді.

Жақында ауданда жаңа қоғамдық кеңістік пайда болып, Жеңіс даңғылы, 26 А мекенжайында саябақ ашылды. С.Сейфуллин, 14/1 мекенжайында шағын бақ ашылады. Биыл қаланың орталығы ғана емес, шет аймақтары да көркейе түседі. Биыл жеті аула абаттандырылады. Бұған қоса, аталмыш тұрғын алапта екі қоғамдық кеңістік ашылады.

– «Көктал-2» тұрғын алабында Н.Тілендиев даңғылы, 50/1, 50/2 мекенжайларындағы аулалар абаттандырылады. «Агроқалашықта» алты аула көркейтіледі. Осы тұрғын алапта алғашқы рет үш қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр. Соның ішінде Оқжетпес және Герцен көшелері қиылысында шағын бақ салу мәселесі қарастырылып жатыр, – дейді Сарыарқа ауданының әкімі Ерғали Егемберді.

## АСТАНАЛЫҚ ЖАСТАР ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

» Кеше елордалық бір топ жастар Қарулы Күштер қатарын толықтырды.

Ғалым  
**ҚОЖАБЕКОВ**

Пандемияға байланысты кейінге шегерілген 2020 жылғы көктемгі шақырылым науқаны жалғасуда. Кеше елордадан жас сарбаздар, әскери ант қабылдағаннан кейін Жамбыл облысындағы әскери бөлімдерде әскери қызметтерін атқаратын болады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары Ерболат Жүсіпов мәлім етті.

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 30 сәуірдегі №312 Жарлығы бойынша көктемгі әскерге шақыру науқанының өткізілу уақыты ұзартылып, азаматтарды әскерге жөнелту мерзімі тамыз айына дейін созылатын болады. Наурыз-мамыр аралығында болған елдегі карантин шаралары уақытында мерзімді әскери қызметке шақыру уақытына тоқтатылып, мамыр айының аяғында қайта басталды. Мамыр-маусым айларында Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қызметінің Шекара әскерлері мен Ұлттық Ұлан әскери бөлім-



дерін жас сарбаздармен толықтыру жоспарлы түрде орындалды. Әскери бөлім командирлерінен біздің жөнелткен елордалық сарбаздарымыздың үздік қызметтері мен елдің қорғаныс қабілеттілігіне қосып отырған еңбектері туралы алғыстары да келіп отыр, - дейді Е.Жүсіпов.

Жалпы астаналық жастар шілде айынан бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерін-

де қызметін аяқтаған сарбаздардың орынына бара бастады. Шақырылған жастар Қапшағай қаласындағы десанттық-шабуылдаушы әскерлер және Ақтау қаласындағы теңіз жаяу әскери бөлімдері секілді элиталық бөлімдерге барады. Сонымен бірге механикаландырылған бригадалар мен Әуе қорғанысы күштері бөлімдерінде де 18 бен 27 жас аралығындағы жастармен толықтатын болады.

## ҮШ КҮН ЫСТЫҚ БОЛАДЫ

» «Қазгидромет» РМК мәліметі бойынша алдағы үш күнде, яғни 14,15 және 16 шілде күндері елордада күн ыстық болады деп болжануда.

Атап айтқанда, 14 шілдеде күндіз ауа райының температурасы +30-32, түн мезгілінде +15-17 градус шамасында, 15 шілдеде күндіз +30-35, түнде +18-20 градус шамасында,

бейсенбі, 16 шілдеде күндіз +30-33, түнде +17-19 градус шамасында болады деп күтіледі.

Ал жұма күні ауа райының ыстығы едәуір төмендейді деп болжанады.



## ҚАЛАНЫҢ КӨРКІ – КӨШЕ

» Елордада жол жөндеуге байланысты бірқатар көшелер жабылады. Осы жағдайға байланысты елорда тұрғындары мен қонақтары өз бағыттарын алдын ала жоспарлағаны жөн, деп ескертеді Нұр-Сұлтан қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы.



Жол жөндеу үшін бірқатар учаскелерде жұмыстар жүргізу және оларды ішінара жабу жоспарланған, атап айтқанда, 14 шілде мен 1 тамыз аралығында Амман көшесі бойынша Шарль де Голль көшесінен Ж. Тәшенов көшесіне дейінгі учаскеде, Шарль де Голль көшесі бойымен Амман көшесінен А. Тоқпанов көшесіне дейінгі учаскеде жұмыстар жүргізілетін болады. Сонымен қатар 25 шілдеге дейін Бейбітшілік көшесі бойынша Есенберлин көшесінен Бөгенбай даңғылына дейінгі учаскеде жөндеу жүргізіледі.

Жалпы қаланың 9 тұрғын алабында жұмыстар жүргізуге қаржы бөлінген.

**Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (оң жағы) бойынша**

1) Арганаты көшесі, Келес көшесінен Қалба көшесіне дейін

2) Келес көшесі, Ақыртас көшесінен Қалба көшесіне дейін

2) Сайрам көшесі, Балқантау көшесінен Таскескен көшесіне дейін

**Промышленный тұрғын алабы бойынша**

1) Қапал көшесі, Төлебаев көшесінің соңына дейін

**Агроқалашық тұрғын алабы бойынша**

1) Тайсойған көшесі, Жалын көшесінен Суворов көшесіне дейін

2) Атакент көшесі, Шубин көшесінен Тамшалы көшесіне дейін

3) Проезд №52 көшесі, Оқжетпес көшесінің соңына дейін

4) Бесағаш көшесі, Проезд №52 көшесінен Оқжетпес көшесіне дейін

5) Қашаған көшесі, Жәлил көшесінен Шыршық көшесіне дейін

**Өндіріс тұрғын алабы бойынша**

1) Ақшағыл көшесі, Кеншілер көшесінің соңына дейін

2) Мусорский көшесі, Киелісай көшесінің соңына дейін

3) Киелісай көшесі, Саржайлау көшесінен Мусорский және Бестау көшесіне дейін

4) Бестау көшесі, Киелісай көшесінен С. Әлиұлы көшесіне дейін

5) Кеншілер көшесі, Кеншілер көшесінен Ақшағыл көшесіне дейін

**Көктал-1 тұрғын алабы бойынша**

1) Басықара батыр көшесі, Таңжарық көшесінің соңына дейін

2) Сонар көшесі А. Үлімжіұлы көшесінен Кербезқыз көшесіне дейін

3) Сырғалы көшесі, А. Үлімжіұлы көшесінен Кербезқыз көшесіне дейін

4) Кербезқыз көшесінің соңына дейін

5) А. Үлімжіұлы көшесі, Кенжин көшесінің соңына дейін

**Кирпичный тұрғын алабы бойынша**

1) Арқалық көшесі, Ойыл көшесінен солтүстік айналма жолға дейін

2) Көксеңгір көшесінен Көкбастау көшесіне дейін

3) Жасылот көшесі, Көксеңгір көшесіне дейін

**Ақбұлақ тұрғын алабы (Энергетиктер) бойынша**

1) Әлқиса көшесі, А. Тоқпанов көшесінен Амман көшесіне дейін

Нұр-Сұлтан қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жаяу жүргіншілері мен авто жүргізушілерден келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұрайды және жөндеу жұмыстарына түсіністікпен қарауды өтінеді.



### ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



### ЕУРОПАРЛАМЕНТ БОСҚЫНДАРДЫ ҚОЛДАДЫ

Еуропалық Парламент Түркиядағы босқындарға қолдау көрсету үшін қосымша 485 млн еуро бөлуге шешім қабылдады.

Бұл шешім Брюссельде Еуропарламенттің отырысында қабылданды. Еуропарламент Түркияда, Иордания мен Ливандағы босқындардың қажеттілігіне қосымша қаражат бөлуді мақұлдады. Шешімді қабылдауға 557 депутат дауыс берсе, 72-сі қарсы, ал 59-ы қалыс қалған. Қаржы босқындарды әлеуметтік бейімдеуге және олардың балаларын оқытуға жаратылатын болады. Сонымен қатар 100 млн еуро Иордания мен Ливанға босқындарға білім беруге және медициналық қызметке бөлінеді. Аталған шешім Еуроодаққа мүше елдер мақұлдаған жағдайда күшіне енеді.



### ДУДА ТАҒЫНДА ҚАЛДЫ

Польшаның президенті консерватор Анджей Дуда екінші бесжылдық кезеңге президенттікке қайта сайланды. Жексенбіде өткен сайлау кезінде ол Варшава қаласының мэрі либераль Рафал Тшасковскийден сәл де болса асып түсті.

Польша сайлау комиссиясы екінші турда Дуданың 51,2 пайыз дауыс жинап, Рафал Тшасковскийдің - 48,8 пайыз жинағанын мәлім етті. Бұл сайлау учаскелерінің 99,97 пайызының көрсеткіші.

Бұл елдегі 1989 жылы коммунистік режим құлағалы өткен президент сайлауындағы қарсыластардың арасындағы пайыздық көрсеткіштерінің өте жақын болып, алғаш рет сайлаушылардың белсенділігінің жоғары болуымен таң қалдырды.



### ӘСКЕРИЛЕРДІ АУРУ ӘЛСІРЕТТІ

Жапонияның Окинава префектурасындағы екі АҚШ әскери базасы SARS-CoV-2 ауруының орталығына айналды. Бұл туралы The Japan Times мемлекеттік дереккөзіне сілтеме жасайды.

Префектура губернаторы Дэнни Тамаки бұл жағдайды, «аса қайғылы» дей келе, ел тұрғындарының бұған қатты алаңдап отырғанын айтады. Ол американдық әскерилердің індетке қарсы шараларының тиімділігіне күмән келтіреді.

Американдық қарулы күштерінің өкілі Окинавадағы барлық әскери қызметтегілерге басшылықтың арнайы рұқсатынсыз, база аумағынан шығуға қатаң тыйым салғанын мәлімдеді.

Айгүл  
**УАЙСОВА**

» Симптомды, симптомсыздардың алдымен бөлек, сосын бірге статистикасы. Енді баудай түсіріп жатқан пневмонияның да коронавирус инфекциясының нақ өзі екені, оның да дерегін жаһандық дерттің есебіне қосу қажеттілігі айтылуда. Бірақ еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі мұны ресми растаған жоқ.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Осы жылдың 1-8 шілде аралығындағы бір аптаның өзінде елде пневмониямен тіркелгендер саны 56809 адам болған. Вирустың өзін жұқтырушылар көрсеткіші Қазақстанда бүгінгі таңда 60 мыңға жуық науқасты құрады. Соның ішінде 34 мыңнан астамы жазылып шықты, 375 адам көз жұмды. Осыған әкеліп пневмонияға шалдыққандар мен өлгендер санын қосса не болмақ? Күн сайын өзгеріп, күнде бір жаңалықпен толығып отырған бүгінгі эпидемиологиялық ахуалдың сипаты енді осылай ауды.

Соған қоса карантиндегі халықтың өзара ортақ пікірталас, талқылау алаңына айналған әлеуметтік желіде әлі де болса ауруханаларда орынның жетпеуі, кей мамандардың науқастарға салғырт қарауы, жедел жәрдем қызметінің сапасыздығы, дәрі-дәрмек мәселесі және басқа да кемшіліктер жетеріне жеткізе жазылып, тиісті тұлғаларға сұрақтар жолдануда. Өкпесі ауырғандар өкпесін кімге артарын білмей, өз бетінше емделіп те көрді. Алайда дәрігер кеңесінсіз қадам жасау қауіпті екені де ескертілді. Осындай қысылтаян шақта елді дүрліктіретін түрлі жалған fake бейнежазбалар таратушылармен де жұмыс жүргізу керек. Бұл індетті тоқтату үшін оған себепкер болып отырған пандемиямен күресте дер кезінде серпінді және тиімді шаралар қажет екені сөзсіз.

#### ІНДЕТТІҢ ҮШ КЕЗЕҢІ

Мамандар коронавирус инфекциясына шалдыққаннан кейінгі үш кезеңді атап көрсетті. Біріншісі – интоксикациялық кезеңде науқастың дене қызуы 38-ден 40 градусқа дейін көтерілуі мүмкін. Бір аптаға созылатын бұл кезеңде адам ағзасы әлсізденіп, терлей береді. Дәрігерлер осы аралықта дәрі-дәрмек ішпеу керектігін айтады. Дене қызуы 38 градустан асса ғана оны төмендететін дәрі қолданылады. Басқа дәрілерді ішудің қажеті жоқ. Екіншісі – 3-4 аптаға созылатын респираторлық синдром кезеңі. Дене қызуы көтерілген соң құрғақ жөтел пайда болып, ентікпе басталады, буын сырқырайды. Осы кезеңде талдау сынамаасының нәти-



## ӨКПЕСІ АУЫРҒАННЫҢ ӨКПЕСІ КІМГЕ?



Алексей ЦОЙ, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

– Біз вирустың бетін қайтару үшін әрбір пациенттің өмірін сақтауға барлық күш-жігерімізді саламыз. Үкімет медициналық ұйымдарға және дәріханаларға қажетті дәрі-дәрмектерді

жеткізу бойынша шұғыл шаралар қабылдауда, қосымша төсектер ашылуға, шетелдік сарапшылармен бірлесіп коронавирусты емдеу әдістері жан-жақты зерделенуде және жетілдірілуде. Осы қауіп-қатерді тоқтату үшін әріптестеріміз тәулік бойы жұмысын жалғастыруда. Бұл індеттің алдын алуда әрбір қазақстандық өз үлесі өте маңызды екенін түсініп, белсенді атсалысуда. Біз отандастарымызға және шетелдік достарымызға көмек және қолдау көрсеткендері үшін ризашылығымызды білдіреміз. Біреулері медицина персоналын тамақпен қамтамасыз етсе, енді біреулері емдеуге қажетті аппараттарды сатып алуда. Пандемияға қарсы күрес ел тарихындағы ең қиын кезеңдердегідей бәрімізді біріктірді және бұл қиындықты біз бірге жеңетінімізге сенімдімін.

Нұрилла МАЛТАБАРОВА, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент:

– Соңғы кездері шетелдегі әріптестеріміз ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп, бұл вирустың ауа арқылы аэрозольді түрде тарайтынын дәлелдеді. Сондықтан сыртқа шыққанда маска тағып жүруді әдетке айналдырыңыздар. Таза ауада серуендеп жүрмін деп еркінсуге болмайды. Жұқтыру жолдарын қайта қарау туралы ұсыныстар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына жіберілді. Сондықтан масканы адамдар көп жиналатын жерлерде ғана емес, көшеде де кию керек.

**Вирус ағзаға екі түрлі жолмен енеді. Бірінші жолы – вирус жоғары тыныс алу эпителийі, яғни тыныс алу ұлпалары арқылы еніп алған соң, енді абеларлық, яғни төменгі тыныс жолдарына кіруге ұмтылады. Екінші жолы – асқазан-ішек жолдары эпителийі арқылы ену. Бұл бірақ өте сирек кездеседі. Мамандар коронавирус инфекциясы арқылы өкпенің зақымдану жиілігін тұмау, қызылша ауруларымен салыстыруға келмейтінін айтады**

жесіне қарай дәрігерлер антибактериялық дәрілер жазып беруі мүмкін. Одан басқа ешқандай дәрі қолдануға болмайды. Үшіншісі – оңалту кезеңі. Бұл уақытта ағзаны қалпына келтіруге арналған жаттығулар жасауға болады. Ал маска тағу, арақашықтық сақтау, антисептик қолдану сияқты сақтық шаралары қай кезеңде болсын міндетті түрде орындалуы керек.

– Аурудың симптомдары бірден емес, шамамен бесінші, жетінші күндері респираторлық кезеңде пайда болады. Алғашқы белгілері жөтел, ентігу, ыңғайсыздық, тыныс алу қиындауы және кеуденің ауыруы болып келеді. Ал бұл симптомдар өршісе, төменгі тыныс алу жолдары зақымданған деген сөз. Бұл жағдайда зерттеу жүргізіп, емдеу әдісін өзгерту қажет. Ал бұл белгілер, керісінше, әрі қарай асқынбай және температура 7 күннен артық көтерілмесе, онда алаңдаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ондай жағдайда антибиотик қабылдауға, КТ-дан өтуге жүгірудің қажеті жоқ, – дейді «Астана медициналық университеті» ҰАҚ отбасы медицинасы кафедрасының меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер-пульмонолог Наталья Латыпова.

#### КОРОНАВИРУС ӨКПЕНІ ҚАЛАЙ ЗАҚЫМДАЙДЫ?

Вирус ағзаға екі түрлі жолмен енеді. Бірінші жолы – вирус жоғары тыныс алу эпителийі, яғни тыныс алу ұлпалары арқылы еніп алған соң, енді абеларлық, яғни төменгі тыныс жолдарына кіруге ұмтылады. Екінші жолы – асқазан-ішек жол-

дары эпителийі арқылы ену. Бұл бірақ өте сирек кездеседі. Мамандар коронавирус инфекциясы арқылы өкпенің зақымдану жиілігін тұмау, қызылша ауруларымен салыстыруға келмейтінін айтады.

Сондай-ақ дәрігерлердің айтуынша, қазіргі уақытта науқастар арасында өкпенің ісінуі – тек осы инфекция кезінде ғана емес, сондай-ақ ауыр қатерлі жағдайда болатын қауіпті асқыну. Өкпе тіні ісініп, аталған вирус ағза араларындағы кеңістікті зақымдай бастайды. Сол жерде сұйықтық жиналады. Ауру асқынған кезде өкпе мен тамыр арасындағы кеңістікке өте көп су жиналады да, өкпе ісінеді. Дәл осы жайт өлім-жітімге және оның көбеюіне алып келуі мүмкін. Оның даму жолдары көп. Бірақ ең басты айта кетерлігі – вирус өкпе тінін жылдам зақымдайды. Жүрек-қан тамырлары жұмысының бұзылуынан ағзада сұйықтық көбіейіп, өкпедегі ісік ұлғаяды.

#### ПНЕВМОНИЯНЫҢ ЖАҢА КОРОНАВИРУСТЫҚ ТҮРІ

Медицинада бұрыннан бар бактериялық түріне қоса пневмонияның жаңа бір түрі – коронавирустық пневмония ұғымы пайда болды. Қазір де статистика бойынша бұрынғы түрінен өлім-жітім артып отырған жоқ. Ал компьютерлік томографияда көрінетін екі жақты пневмония түрі коронавирустық деп аталады. Сол үшін кейінгі хаттамаға ықтимал коронавирустық пневмония термині енгізілді. Вирустық пневмония адам ағзасына ауыр салмақ салады. Ол өкпені зақымдаған кезде төменгі тыныс алу жолдарында ірің пайда болып, өкпе жасушасы қабынады. Сонымен қатар тамырлар жаппай зақымданады. Өкпенің бактериялық пневмонияға қарағанда зақымдануы жоғары және екіжақты болады. Алайда қазақстандық мамандардың айтуынша, әлемде мамандар «коронавирус пневмониясы» терминін қолданыстан алып тастауды ұсынып отыр. Олар мұны «өкпенің вирустық зақымдануы», «төменгі тыныс жолдарының зақымдануы» деген нұсқалармен атау туралы ұсыныстар беруде.

Жалпы, адам ағзасындағы 38 градусқа дейінгі қызу, керісінше, ағзаның аурумен өздігінен күресуіне көмектеседі. Себебі сол аралықта инфекция қоздырғыштардың көбеюі баяулап, иммундық жүйенің белсенділігі артады. Сондықтан аталған дәрілердің қай-қайсысын да шектеулі мөлшерде және температура 38 градустан жоғары болғанда ғана қолдануға кеңес етіледі.

#### ҚЫЗУ ТҮСІРЕТІН ДӘРІЛЕР

Медицина мамандары ұсынған қызу түсіретін дәрілердің ішінде аспирин, парацетамол, анальгин, ибупрофен көрсетілген. Олардың қызу түсіруде күші болғанмен, дұрыс қолданбаса адам ағзасына аса зиянды жақтары да ескерілуде.

**АСПИРИН** – 15 жасқа толмаған балаларға беруге тыйым салынған аспириннің салдарынан ішектен қан кетуі мүмкін. Егер бұл препарат тұмау немесе қызылшаға қарсы қабылданса, Рея синдромы немесе соңы өліммен аяқталатын бауыр ауруы өршуі мүмкін.

**ПАРАЦЕТАМОЛ** – өте улы, әсіресе, бауыр мен бүйрекке зиян. Оны бақылаусыз және негізсіз ішкенде аллергиялық аурулар мен қолқа демікпесі күшеюі мүмкін.

**АНАЛЬГИН** – қан жасушаларының түзілуін бұзады және ішкі қан кету, ауыр аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.

**ИБУПРОФЕН** – қызу түсіретін дәрілердің арасындағы ең қауіпсіз. Бірақ жүректі айнытып, құстыратын әсері бар. Бұл дәрі де бақылаусыз қабылданған жағдайда созылмалы гастрит, асқазан мен 12 елі ішектің ойық жарасының өршуі, қан кету, бронхтың түйілуі, көрудің нашарлауына әкелуі мүмкін.



# АЗЫҚ-ТҮЛІК ПЕН ДӘРІ-ДӘРМЕККЕ ТАПСЫРЫС БЕРІҢІЗ

» COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген шектеулер негізінде елімізде онлайн тапсырысқа сұраныс артты. Жеткізу қызметімен айналысатын компаниялардың жұмысы көбейді. Бүгінде қала көшелерінен до балдай дорбасын арқалаған тамақ тасушыларды жиі кездестіруге болады. Бұл кәсіптің нәсібі қалай екен? Тап қазіргі жағдайда тамақты жеткізу қаншалықты қауіпсіз?

**Е**лорда тұрғыны Жадыра Ортаева қашықтан жұмыс істейді. Қауіпсіздік үшін үйден шықпауға тырысып отырған Жадыра дүкенге барғаннан тауарларды үйге алдыру әлдеқайда қауіпсіз деген пікірде. «Адамдар көп шоғырланатын жерлерге бара бермеймін. Оған аса қажеттілік те жоқ. Көп уақытқа жететіндей азық-түлік мөлшерін тапсырыспен алдырамын. Міндетті түрде тауарларды қабылдау барысында дезинфекциялаймын» дейді ол.

Қала тұрғыны Жеңісбек Сағындықов та осы қызмет түрін көп қолданатындардың қатарында. «Карантин уақытында тамақтану орындары жабық. Сондықтан аптасына екі-үш рет дайын тамақ жеткізу қызметіне жүгінемін. Үйде ас пісіруге үнемі мүмкіндік бола бермейді» дейді ол.

Керісінше бұл қызмет түріне сенімсіздікпен қарайтындар бар. Мәселен, көпбалалы ана Айсәуле Нұрланова тауар жеткізіп берушілердің санитарлық талаптарға сай жұмыс істейтіндеріне күмәнданатынын айтып, бұл қызмет түріне мүлдем жүгінбейтінін жеткізді.

«Қызметкердің ауру таратушы еместігіне ешкім кепілдік бермейді. Қанша жерді жүріп келеді. Өзі де байқамай вирус жұқтырып алуы әбден мүмкін. Балаларыма аландаймын. Та-

мақты міндетті түрде үйде істеп ішемін. Мен қазіргі жағдайда дайын тамаққа тапсырыс беру нағыз ысырапшылық деп ойлаймын. Дәрі-дәрмек, азық-түлік, керек-жарағымызды барлық санитарлық талаптарды сақтап, өзіміз барып сатып аламыз. Эпидемиология асқынып тұрғанда өзіңнен басқа ешкімге сенуге болмайтын сияқты» деп түсіндірді ол.

Қазіргі таңда мейрамханалардың басым көпшілігі жабық, тек ашық аспан астындағы тамақтану орындары жұмыс істеп жатыр. Жұмысын жалғастыруға тырысқан мекемелер жеткізу қызметін ашып, я осы салада жұмыс істейтін компаниялардың көмегіне жүгінуде.

Айта кетейік, жеткізіп салу қызметінде клиент алған тауарларына онлайн төлем жасайды, ал курьер өнімді жеткізген кезде тапсырыс берушіге алдын ала телефонмен хабарласа отырып, үйіне келгенде азық-түлікті есік алдына қойып, өзі тұтынушыдан алыс тұруы тиіс. Дәл осындай байланыссыз жеткізу қызметін ұсынатын компаниялардың бірі финдік Wolt компаниясы. Бұл сервис мобильді қосымша арқылы жұмыс істейді. Курьер тапсырыс берушіге дүкеннен кез келген тауар түрін сатып алып, көрсетілген мекенжайға жеткізіп береді.

Аталған компания қызметкері Асылхан Жәнібековтың айтуынша, індет өршігелі бұл қызмет түрі не-

гізгі табыс көзіне айналған. «Карантинде онлайн тапсырыстарға сұраныс артты. Тұрғындар әлеуметтік маңызы бар тауарларды: сүт өнімдері, лимон, май, тұз, жеміс-жидек, химия тауарлары мен таза суды да жеткізіп беруімізді өтінеді. Сондай-ақ қымыз, сау-малға жиі тапсырыс береді. Жұмыс барысында барлық санитарлық талаптарды сақтаймыз. Күніне 7-8 сағат жұмыс істеймін. Бір күндік табысым кемінде 9-10 мың теңгені құрайды» деді Асылхан Жәнібек.

## GLOVO БӘРІН ЖЕТКІЗЕДІ

Бұл испаниялық Glovo жеткізу сервисінің қызметкері, студент Азат Арыстановтың пікірі. Ол бір жыл-

тапсырыс береді. Екінші кезекте, дәрі-дәрмек. Тап қазіргі жағдайда егде жастағылар үйден шыға бермейді, жұмысымның тиімді тұсы осы. Ешқандай ақысыз тегін жеткізіп берген кездерімде болды. Өз басым, тек үй маңындағы шағын дүкендерден тапсырыс қабылдаймын. Жалақыма тоқталсам, екі аптада тапқан табысым 45 000 теңге. Карантиндегі нағыз қажетті кәсіптің бірі осы шығар» дейді ол.

Бұл кәсіппен жастар ғана айналысады десеніз, қателесіз. Елуді еңсерген Асан Нұрымов та осы қызметтің нәпакасын тауып жүр. Ағамыздың айтуынша, бұл жұмыстың денсаулыққа пайдалы тұсы бар.

**Тұрғындар наннан бастап парацетамолға дейін онлайн сатып алуда. Мейрамхананың дайын тағамына да сұраныс артқан, тұрғындар фаст фуд өнімдеріне жиі тапсырыс береді. Екінші кезекте, дәрі-дәрмек**

дан бері осы жеткізіп беру ісімен шұғылданып келеді. «Белгілі бір жұмыс уақыты жоқ. Күніне 5-6 сағат қана жұмыс істеймін. Компания мүмкіндігінше беттұмша, антисептикпен қамтамасыз етуде. Тұрғындар наннан бастап парацетамолға дейін онлайн сатып алуда. Мейрамхананың дайын тағамына да сұраныс артқан, тұрғындар фаст фуд өнімдеріне жиі

«Бұрын такси қызметкері болып жұмыс атқардым. Бір ай болды, ұлымның велосипедін алып, тауар жеткізіп берумен айналысып жүрмін. Шығын шықпайды, тек табыс. Менің ойымша, үйде бос жата бергеннен адам ауру болады. Сондықтан спортпен шұғылданып, көбірек қимылдау қажет. Күні бойы ашық аспан астында велосипедпен жүремін. Бет-

перде, қолғап киемін, әр жарты сағат сайын қолымды антисептикпен өңдеп отырамын. Еш қауіп жоқ. Бір байқағаным аталмыш жұмыспен көбінесе жастар айналысады. Дегенмен бұл жастардың жұмысы емес, мен сияқты орта жастағыларға арналған. Күніне 8-9 сағатты арнаймын, сол аралықта 9-10 мың теңге табыс түседі, көңілімнен шығады» деді ол.

Мұны дәрігерлер де растайды. Велосипед тебу адам өкпесінің толыққанды жұмыс істеуіне ықпал етеді. Өкпе белсенді жұмыс істеп, өзінде жиналып қалған токсикалық заттарды жылдамырақ шығарады. Сондай-ақ аяқтың айналымы қозғалысы кезінде қан тамырлар бойымен 3 есе жылдам ағады. Артық салмақтан арылуға да пайдасы бар.

Айта кету керек, отандық жұмыс іздеу сайттарында мұндай кәсіп аса сұраныста. Мәселен, kz.jobble.org сайтында жұмыс берушілер жеке көлігімен курьер болғысы келетін үміткерлерді көп іздеген. Жалақы мөлшері 130 мың нан басталып 220 мың теңге дейін.

Жалпы жеткізіп беру қызметіне жұмысқа түру үшін ұялы телефоныңыз бен жеке транспортыңыз болса жеткілікті. Десе де бұл жүйеде жаяу жұмыс істеуге де болады.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**





# ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАПЫРАНЫ

Көпболсын БЕКМАҒАНБЕТ  
№ 63 (4032) 30 мамыр 2020 жыл



## БАТЫР ҚЫЗДАРЫМЫЗ – «ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ» ПЕРЗЕНТТЕРІ

КЕЛІСТІК ТАРХИТТЫ АШЫЛМАН ЖАТҚАН АҚИҚАДАРЫ КӨП. СОНЫҢ ІШІН...  
БЕ БІРІН ДҮНІСІН ДІКІМ СӨЗБАСА ҚАТҚЫСЫ БАРЛАДЫҒЫЛАР ЖЕЗІ...  
ҚАТҚЫСЫ БАРЛАДЫҒЫЛАР ЖЕЗІ...  
ҚАТҚЫСЫ БАРЛАДЫҒЫЛАР ЖЕЗІ...

**МӘНШІК ҚОМЕТОВА**  
Бір кезінде қазақ баласының ең қызық ертегісі болған...  
Бір кезінде қазақ баласының ең қызық ертегісі болған...  
Бір кезінде қазақ баласының ең қызық ертегісі болған...



## ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАПЫРАНЫ

Тарихтың аса бір қызық ертегісі жайында, раянның келіні – өткіні...  
Тарихтың аса бір қызық ертегісі жайында, раянның келіні – өткіні...  
Тарихтың аса бір қызық ертегісі жайында, раянның келіні – өткіні...

### Gulnar ANHMETJANOVA:

– Қандай аянышты! Не көрмеген біздің асылдарымыз?!

### Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ:

– Авторға рақмет, туған нағашыңыздың тағдыры туралы ақиқатты індетте жазыпсыз. Ғазиз ағамыз ел ардақтысы болған, ұрпағы өсіп, өніп жатыр, ғұмырлы болыңыз!

# МӘРТЕБЕЛІ СЫЙЛЫҚТЫҢ СЫНЫ МЕН СЫЙЫ КЕТПЕСІН

Азамат ЕСЕНЖОЛ  
№ 65 (4034) 4 маусым 2020 жыл



Адамның тәбиғаты қызық. Оның бір тарабы бопса, екінші тарабы жандырады. Ол үшін өзінің қолына қалам алады. Ол үшін өзінің қолына қалам алады. Ол үшін өзінің қолына қалам алады...

## МӘРТЕБЕЛІ СЫЙЛЫҚТЫҢ СЫНЫ МЕН СЫЙЫ КЕТПЕСІН

Мәртебелі сыйлықтың сыны мен сыйы кетпесін...  
Мәртебелі сыйлықтың сыны мен сыйы кетпесін...  
Мәртебелі сыйлықтың сыны мен сыйы кетпесін...

### Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ:

– Бір проза, бір поэзияға бере ме, әлде қос-қостан бере ме, кім білсін, кілең мықтылар Тынымбай ағаға, Секеңе ертерек беріп тастау керек еді, енді бәрін таластырып қойған секілді, Несіпбек ағамызға да әлдеқашан беру керек еді. Жүрсін аға да лайықты, жұлдызы жаңғандарға бұйырады да. Бәріне тілеу-лестің, аман болыңыздар!

### Riza ALMUHANOVA:

– Мақала авторы атамаған бір адам бар, оның көздегені – Мемлекеттік сыйлық, өйткені «еңбегі сіңген қайраткер» атағына ұсыну туралы айтылғанда одан бас тартқан. Менсінбей. Үлкен газетке өзі туралы көлдей-көлдей мақала жаздырады, өзін жақсы насихаттайды. Сыйлыққа ұсынылып жатқандардың ақпаратты шығып тұрса екен, көрейін сол тізімде бар ма екен биыл, әлде кейін қосыла салар ма екен?

### Әсемгүл СӘКЕНОВА:

– Ақын мен жырғау, жазушылар мен журналистер халық мүддесі үшін күреспейді. Бұрын елдің алдында мәселе үшін ақын жүретін. Мен сенбеймін қазіргі ақындарға. Халықтың қамын ойлаған ақын-жазушылар мен журналистер бар ма қазір?!

Атақ өздерінен артылмайды. Кеше қайда қарап отырды? Ақын мен жазушы халықтың адамы дейді. Журналистер қайда қарап отырды халықтың қамын ойласа?

### Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ:

– Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық, Абайдың 175 жылдық мерейтойы! Аруақ сыйлап, өнерді құрмет тұтқан елміз. Демек, талант аңқыған дара шығармалар өзінің әділ бағасын алады деген сенімдемсіз!

### Досбол ИСЛАМ:

– Тынымбай – тыныш жүріп теңізге айналған тұлға...



## ӘЛСІЗДІК ПЕН ӘЛІМЖЕТТІК

Қонақбай САТТАРОВ  
№ 66 (4035) 6 маусым 2020 жыл

### Жанатқали ҚҰНДАҚОВ:

– Автор дұрыс айтады, бәрі қазақты тәрбие бере алмағанымыздан боп тұр ғой...

### Zhanbolat ZIYATULY:

– «Қазаннан қақпақ, иттен ұят кеткен заман» болды. Ұлттық болмысымыздан айырылып барамыз, тіліміз де төрге оза алмай тұр, өкінішті.

# ӨМІРІН ӨНЕГЕЛІ ӨРНЕКТЕГЕН...

Азамат ЕСЕНЖОЛ  
№ 70 (4039) 16 маусым 2020 жыл

### Иманбай ЖҮБАЙ:

– Мен Аяған Өтенұлын «Қазақстан» РТРК АҚ төрағасы басқармасының бірінші орынбасары кезінен танимын. Автор жазғандай, Айкең өзі шығармашылық тұлға болғандықтан, онда бастық пен бағынышты деген ұғым жоқ еді. Өзінің байсалды, сырбаз, салмақты мінезімен біз кабинетінде еркін сөйлесіп отыратынбыз. Мәдениетті түрде ойларымызды тыңдай біледі. Кейін жоғары орындарда отырғанда да сол күйі, сол мінезі өзгерген жоқ. Қандай шаруа болса да, шамасы келгенше көмектесуге ұмтылып отырады. Бұл әсілі адамның тегіне байланысты қасиет болса керек. Айкең еңбектерін орысша жазса да, ділі қазақша екендігін білеміз. Құрметті Аяған Өтенұлы, жасыңыз құтты болсын! Деніңізде саулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

### Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ:

– Тосын да ұсталық өнерімен аты елге мәлім, Ұлттық музейде мұралары тұрған атақты зергер, ұста Аяған Кенжебайұлының туған жиені ғой. Есімі де нағашысының құрметіне қойылған. Біздің жиен жақсы азамат!



## ӨМІРІН ӨНЕГЕЛІ ӨРНЕКТЕГЕН...

Мәдениетті түрде ойларымызды тыңдай біледі. Кейін жоғары орындарда отырғанда да сол күйі, сол мінезі өзгерген жоқ. Қандай шаруа болса да, шамасы келгенше көмектесуге ұмтылып отырады. Бұл әсілі адамның тегіне байланысты қасиет болса керек. Айкең еңбектерін орысша жазса да, ділі қазақша екендігін білеміз. Құрметті Аяған Өтенұлы, жасыңыз құтты болсын! Деніңізде саулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

### Камал ӘЛПЕЙІСОВА:

– Аяған кішік, қарапайым адам екенін Азамат інім жақсы жазыпты. Сол қарапайымдығынан мерейлі жасы туралы да көп адам білмей қалатын едік. Сондықтан Азаматқа рақмет! Аяған, шыққан биік жасыңыз құтты, өміріңіз шуақты болсын!

Бетті дайындаған Фарида ҚАРИМОВА







@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with columns: ID, Name, Surname, Maiden Name, Date of Birth, and Description. Contains entries 14179-14243.

Table with columns: ID, Name, Surname, Maiden Name, Date of Birth, and Description. Contains entries 14244-14318.

Table with columns: ID, Name, Surname, Maiden Name, Date of Birth, and Description. Contains entries 14319-14393.

(Жалғасы бар)

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық Ардагерлер кеңесі Сарыарқа ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы ЭБЕНГАБАС ЕЛЕМЕСҰЛЫ АХМЕТОВТІң қайтыс болуына байланысты қайғыға ортақтаса отырып, туыстары мен жақындарына көңіл айтады.



## ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВИ ҚАНДАЙ КҮЙДЕ?

» Елордадағы Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгер Өріс Яшүкірқызымен «Қазіргі қазақ детективі» тақырыбында онлайн-кездесу өтті.

Өріс апай - әдебиетке өткен ғасырдың жетпісінші жылдары келген буынның өкілі. Алғашқы өлең жинақтарымен оқырмандардың жылы бағасын алған ол кейін сатиралық шығармаларымен де жұртшылыққа жақсы танылды. Сонымен бірге бұл кісі – қаламы жүйрік журналист. Біраз жылдар, аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жемісті еңбек етті. Ал, бұл кісінің детектив жанрына қандай қатысы бар? Қаламгер кейінгі жылдары осы жанрға ат ізін салып, бірқатар шығармалар жазып жүр. Соны білген кітапхана жазушыны осы

тақырыпта сөз өрбітуге әдейі шақырған екен. Жалпы, ұлт әдебиетінде детектив жанры кенжелеу дамыған. Бұл бағытта қалам тербеген қазақ жазушылары сирек. Оның басында, осы жанрға із салған, көрнекті жазушы Кемел Тоқаев тұр. Қабырғалы суреткердің «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Арнаулы тапсырма» кітаптары детектив тақырыбында жазылған туындылардың үздік үлгілері деуге болады. Мұны кездесуде автордың өзі де Кемел ағамыздың көркем дүниелерін сүйсініп оқығандығын

айтты. – Мен өзі мектепте жүргеннен батыс жазушыларының детективті кітаптарын қызығып оқыдым. Солардың желісімен түсірілген киноларды да ұнағып көрдім. Әсіресе, маған осы жанрдың дарабозы саналған Агата Кристидің шығармалары қатты ұнайтын. Сондықтан бұл тақырыптағы туындылар жас күнімде менің де жан-дүниемді сырлы сезімге бөлеп, осылай жазсам деген қызығушылығым болды. Бірақ оның ізіне түсіп, жазып кетуге уақытым болмады. Кейде оқырмандар арасынан қазақ детективі басқа жұртқа

қарағанда кейіндеу қалды деген пікірлерді естимін. Мұның да себебі бар. Біздің халқымыз табиғатынан ауызбірлік пен бейбітшілікті пір тұтып, тыныштықта өмір сүрді. Соншалықты жантүршігерлік қылмыстық жағдайлар кездеспеген. Қылмыс болмағандан кейін елең еткізер оқиғаларда назарға ілінбейді. Содан осы тақырыпта шығармалар аз жазылған шығар деп ойлаймын. Қазір енді детектив жанрының күні туды. Бұрын жекеменшік көзқарас болған жоқ. Ел бір мәселені бірігіп, бірлесіп шешетін. Қазір жекеменшік көзқарас қалыптасты. Тіпті, әр отбасының мүшелері арасында жекеменшікке байланысты қарама-қайшылық пікірлер бар. Соның әсерінен қылмыс жасау әрекеттері көбейді. Осы жағдайлар мені де ойландырады, - деді Өріс апай. Жақында қаламгердің мемлекеттік тапсырыспен «Жіптізақ» деген детективті әңгімелер жинағы жарық көрмек. Бұл кітапта жазушы нәзік жан иелерінің тұрмыстық жағдайлардағы, қызметтегі ары мен намысына жасалатын әртүрлі үстемдіктер, олардың ерікті және еріксіз түрде қылмыстық іске баруға мәжбүрліктері шытырман оқиғалармен шынайы суреттелген. Кездесу барысында Өріс Яшүкірқызы детектив жанрының болашағы мен кейінгі жастар арасында осы тақырыпта жазып жүргендер сирек екендігін айтып, оқырмандардың қойған сұрақтарына жауап беріп, шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

## ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

### АҚЫННЫҢ АНАСЫНА СЫЙЛЫҒЫ

» Елордадағы Сәкен Сейфуллин музейінде ардақты ақынға қатысты бірегей тарихи жәдігерлер мен құнды құжаттар сақталған. Соның бірі – шай салатын қорап.



Мұны мұражайға 2003 жылы 13 маусымда көрнекті қайраткердің немере қарындасы Софья Мәжитқызы Сейфуллина тапсырған. Сәкен атамыз 1930 жылы Мәскеуге барғанда, сондағы «Синторг» дүкенінен анасы Жамал Тышқанбайқызына арнап, осы қорапты ішіндегі шайымен бірге сыйлық ретінде сатып алған. Бұл қораптың тарихы туралы, жақында өмірден өткен, асыл азаматтың бауырына басқан қызы Рымжан апай өз естелігінде жазыпты. Жалпы, Рымжан апай ақынды соңғы көрген адам. Ол жайында жұртшылықпен кездесулерінде, жазған естеліктерінде айтып жүрді. Бұл кісі Сәкен атамыздың жоғын жоқтап, артындағы мұрасына бас-көз болып, әке рухына жан-тәнімен еңбек етті. Біз сөз етіп отырған шай салатын қорап жұқа қаңылтырдан жасалған. Қораптың қақпағында құстар мен табиғат көрінісі айшықты бедерленген. Кейін бұл шай қорапты Әмина Сейфуллина ұстаған. Қазір ол Сәкен музейіндегі ақынның анасына сыйлаған құнды жәдігердің бірі саналады.

## АЙШЫҚТЫ СУРЕТТЕР ӘЛЕМІ

» Қазір елорданың көркем келбетін биік үйлер, сәнді ғимарат, самал жел соққан саябақтар мен неше түрлі гүлдердің хош иісі аңқыған гүлзарлар ғана емес, қабырғаға салынған суреттер де айшықтай түскен.



Жуырда Есіл ауданында жаңадан қабырғаға салынған осындай екі сурет пайда болды. Мұны ғылыми тілде «Мурал» деп айтады. Оның бірі - «Мәңгілік ел» деректі фильмінің бір бөлігі ретінде кезінде дүйім ел адамдарының табаны тиген ЭКСПО аумағында орналасқан. Бұл жердегі суретте ұлан-ғайыр еліміздің бай картасы әсерге толы әсемдігімен бейнеленген. Монументалды туындының ауданы 600 шарты метрді құрайды. Ал, екінші «Ғарыш әлемі» деп аталған сурет дөңгелек алаңның көпір бөлігінде салынған. Оның ауданы мың шаршы метрді алып жатыр. Бұл суретте ғарыш тақырыбы кеңістікпен ерекше үндестік тапқан. Көпірдің астынан өтіп, аспан әлемін, жұлдыздар мен тылсым сырға толы ғаламшарды көруге болады. Сонымен бірге Мәңгілік ел даңғылындағы жаяу жүргіншілер көпірінің асты жарықдиодты шаммен безендіріліп, прожекторлар ұяшықтарға шахмат тәртібімен тақтайша үлгісінде орнатылды. Бұл көрініс түнде маңайға әдемі әсер береді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактордың міндетін атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №82

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru